**КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНЕ ТАРАЛУЫ ШАРЫҚТАҒАН ҮСТА ПРЕЗИДЕНТІМІЗ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ЕНГІЗДІ. ҚАЗІРГІ ЕЛІМІЗ ЕКІ АЙҒА ЖУЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН САҚТАП, ҚАУІПТІ ВИРУСТЫҢ ТАРАЛМАУЫ ҮШІН АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫНА БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТИП КЕЛЕДІ. ОСЫ ОРАЙДА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ХАЛЫҚПЕН ЕТЕНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТЫР. ЕНДЕШЕ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИНМЕН БОЛҒАН СҰХБАТТЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.**



**- Саламатсыз ба?**

**Алдымен төтенше жағдай кезінде «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалымен қандай жұмыстар атқарылды? Кеңірек тоқталып өтсеңіз.**

- Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру жөнінде аудан өкімінің 2020 жылдың 16 сәуіріндегі №72 өкіміне сәйкес, жедел штаб құрылып, жұмыс кестесі құрылды. Осы кестеге сәйкес, бағаны тұрақтандыру және 9 түйлі азық-түлік бағасына енгізілген шекті мөнді бақылау бойынша аудан орталығында және ауылдық округтерге мониторинг жүргізілуде. Сондай-ақ карантин кезеңіндегі дәрханалардағы дәрі-дәрмек бағасы бақылауға алынды.

Партиялық бақылау аясында Ойыл ауданында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша (2 транш) оптикалық талшықты байланыс желісі кабельдерін тарту жұмыстары Ойыл-Сарбие-Қараой - Ақтайсай бағытында жүргізіліп, қазіргі таңда 90 шақырымның 39 шақырымы тартылды, мердігер «Эксклюзивстрой» ЖШС. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының мүшелерімен, аудандық мәслихат депутаттарымен аудандағы блокбекеттердің жұмыс барысы бақыланды. Блокбекеттер күні-түні үздіксіз жұмыс істеуде. Ауданға кіріп-шыққан автокөлік тексеріліп, жүргізушілеріне термометрия жасалуда. Сонымен қатар, азаматтардың өтініштерін жедел қарастыруды ұйымдастыру үшін партияның онлайн-қызметі және call-орталығының жұмыс жасауда. Төтенше жағдай кезінде өртүрлі сұрақтар бойынша 103 өтініш түсіп, оның 88-і оң шешіліп, 16-сы қаралу барысында. Елбасы бастамасымен құрылған «Bigemiz» қоғамдық қорынан осыған дейін Ақтөбе қаласындағы 7894 адамға 7 санат бойынша көмек көрсетілген. Партиямыздың лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың пәрменімен 27 сәуірден бастап мұқтаждарға көмек көрсетудің екінші кезеңі басталды. Коронавирус қаупі жоғары Ақтөбе қаласынан 10 557 мұқтаж отбасы қамтылып, оларға 50 мың

теңгеден аударылды. Олардың ішінде II және III топтағы мүгедектер бар. Сондай-ақ тұрғындар Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «BizBigemiz» акциясы жұмысына қызығушылық танытып, азық-түлік көмегін сұрауда. Белгілі болғандай, партияның облыстық филиалы төрағасы, облыс өкімі Оңдасын Оразалиннің қолдауымен ақтөбеліктер акцияға белсене атсалып келеді. Бүгінге дейін 3728 отбасы азық-түлік көмегін алыпты. Сондай-ақ, партияның Ақтөбе облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары «Nur Otan» осы игі іске 150 млн. теңге бөліп, партияның орталық аппараты мен филиалдарының қызметкерлері қосымша өздерінің бір күндік жалақысын аударды.

Партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобалары аясында, яғни жалғызбасты қарттарға, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға және аз қамтылған көпбалалы отбасыларға атаулы көмек көрсету үшін «Біз біргеміз!» республикалық акциясы қолға алынған болатын.

**- Аталған акциялардың біздің аудандағы қарқыны қандай?**

- Акция аясында Ойыл ауданы бойынша аудандық мекемелер, ауылдық округтер, аудандық мәслихат депутаттары және кәсіпкерлер (сонымен қатар шаруа қожалықтары) өз үлестерін қосып, 300 (жалғызбасты зейнеткерлер 46, мүгедектер 49, аз қамтылған, көп балалы отбасылар 183, қаржылай жеке кәсіпкер Қуаныш Қыстаубаев 5 мұқтаж отбасына 15000 теңге көлемінде 75000 теңге, заттай 3261000 теңге, жалпы 336000 теңге көлемінде) тарта отбасыға азық-түлік, медициналық тауарлармен көмек көрсетілді. Тағы бір айта кетерлігі жеке кәсіпкер Құлжамал Әліп Қараой, Сарбие, Қайыңды, Құмжарған, Ақшатау, Қаракемер ауылдарына көшпелі сауда ұйымдастырылып, азық-түлік тауарларын жеткізді.

Облыстық мәслихат депутаты Талғат Маратұлы Салфиқов пен «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының депутаттық фракциясының мүшелері 40 отбасыға, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі, еңбек ардагері Қарабалиев Рахым Қожасұлы «Біз біргеміз!» акциясы аясында 5 отбасына көмек қолын созып, халықтың алғысына бөленді. Көптеген ауылының кәсіпкері 8 аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі жандарға 100 килограмм ет таратып, игі іс жасады. Ауданның 1989 туған азаматтар көмекке зәру 18 отбасыға қолдау көрсетіп және көшелерде талдар отырғызылып, қоршау орнатып, 1987 жылғы азаматтар өр мұқтаж отбасына 17000 теңге көлеміндегі

азық-түлік себеттерін үлестірді. 1972 жылғылар «Біз біргеміз» саябағын салуда, 1974 жылғылар воркауттар, армрестлингпен айналысатын алаңдар салуды жоспарлауда, 1969 жылғылар да өз үлестерін қосуға ниетті. Мектеп тұлғалары да өз үлестерін қосып, жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созуға.

**- Қауіпті вирустың алдын-алу мақсатында қандай шаралар жүзеге асырылуда?**

- Коронавирус инфекциясы таралуының алдын-алу мақсатында Ойыл ауданында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы мен Ойыл аудандық Ұлттық сараптама орталығы ауқымды залалсыздандыру жұмыстарын аудандағы халық көп жиналатын әлеуметтік нысандарға тегін жүргізді. Ауылдық округтерде де коронавирусқа қарсы әлеуметтік нысандар мен жеке тұрғын үйлерге залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының «Жас Отан» жастар қанаты ҚБ-нің жастары, аудандық жастар ресурстық орталығы және ерікті жастар аудан орталығындағы адам көп шоғырланатын жерлерге ақпараттық жадынамалар іліп және тұрғындарға таратты. Партияның аудандық филиалы, үкіметтік емес ұйымдар және жол патрульдік полициясы бірлесе отырып, автокөлік жүргізушілеріне және тұрғындарға коронавирус пандемиясы туралы сақтық шараларын түсіндіріп, жадынамалар таратты. «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының бастауыш партия ұйымдары атсалысып, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің өкімімен және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы «Қаратал» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен жеке кәсіпкер ауыл тұрғындарына тегін медициналық бетперде (маска) тігіп, ауыл тұрғындарына тегін таратылды. Сонымен қатар Қараой ауылдық округіндегі «Қараой» бастауыш партия ұйымының мүшелері «Бақытты отбасы» және «Кедергісіз келешек» партиялық жобалары аясында аз қамтылған отбасыларға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға әлеуметтік пакеттер үлестірді. Аудандық әр ауылы бойынша жақындарымызды коронавирус індетінен сақтау үшін үйде отыруға шақырып және қашан да бірге екендіктерін білдіре отырып, «Біз біргеміз» челленджі ұйымдастырылып, жерлестерге өн арқылы қолдау көрсетілді. Сөйтіп, біз бірліктің үлкен күш екенін көрсеттік.

**- Төтенше жағдай режимін бұзу әрекеттері бар ма? Төтенше жағдай төртінші бұзғандарға қандай шаралар қолданылды?**

- Карантин режимін бұзу фактілеріне тоқталар болсақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабының 6-тармағы бойынша Ойыл ауданының кәсіпкерлік субъектілеріне және жеке тұлғаларға қатысты 14 оқиға тіркеліп, аудандық сотқа іс-құжаттары жинақталып және 26510 теңге көлемінде айыппұлдар салынды, сондай-ақ 1 және 2 тәулікке уақытша ұстау изоляторына қамалғандар да бар.

**Сұхбаттасқан:  
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**

## ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛЕ МЕ?!

**БҰЛ СҰРАҚТЫ ҚОЙМАС БҰРЫН ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН АЙҚЫНДАП АЛУЫМЫЗ ТИІС. ЯҒНИ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНДА КӨРСЕТІЛГЕНДЕЙ КӨРСЕТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫЛАРДЫҢ:**



1) мемлекеттік қызметтерді алу кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуге;

2) мемлекеттік қызметтердің нақты төртібі, мерзімдері мен нәтижелері көрсетілген толық, әрі анық ақпаратты алуға;

3) қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіптен шағымдануға;

4) заңнамаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда алуға;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылауларға қатысуға;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше жағдайлар кезделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда ала алатындығын білугі қажет.

Жоғарыда баяндалғандай, қызмет беруші қызмет алушыға бағдарланып, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігін арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталуымыз тиіс. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті (әрі қарай - *Департамент*) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бұзылу сұрақтары бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, Департаментке қызмет алушылар көп жағдайда қызмет берушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезіндегі әрекеттері мен негізсіз бас тартулары бойынша шағымдар жазатыны белгілі. Сонымен қатар, өтініш-шағымдардың мазмұнын талдау барысында көбіне азаматтар/заңды тұлғалар мемлекеттік органдарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мен мүдделерін қорғау сұрақтары бойынша жүгінетіндігін көрсетті.

Мәселен, Департаментке жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылмауын қамтамасыз ету бойынша 2018 жылы – 26 өтініш, 2019 жылы 40 қызмет алушының өтініші қаралып, өтініш

иелерінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілсе, 2020 жылдың 1 тоқсанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласына қатысты 12 өтініш түсіп, тиісті шаралар алынды. Қызмет көрсету барысында заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға төртіптік жауапкершілікпен қатар ҚР ӘҚБ Кодексінің 465-бабы бойынша өкімшілік хаттама толтырылады.

Дегенмен де, қызмет алушылар өз деңгейінде өлі де болса өз құқықтарын білмейді деуге болады. Себебі, Департаментпен жүргізілетін бақылау шаралары кезінде қызмет алушылардың құқықтарының бұзылу деректері тіркеліп отырады (2020 жылдың бірінші тоқсаны өзінде 46 дерек тіркелген). Яғни, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының бұзылу жағдайлары анықталып, сәйкесінше бұл деректер бойынша шаралар алынады. Көріп отырғанымыздай, қызмет алушы өз құқығының білмеуі салдарынан өз өтінішіне негізсіз бас тарту нәтижесін алуға.

Осындай жағдайда орын алған жағдайларда, қызмет алушы қызмет берушіге не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – Департаментке шағым беруіне құқығы бар. Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жазған шағымдары белгіленген тәртіптен қаралуға жатады.

Сонымен қатар, азаматтар «Digital agent» мобильді қосымшасын қолдану арқылы өз мәселесін жедел түрде шеше алады. «Digital agent» мобильді қосымшасы - өр қызмет алушы азаматтың оған көрсетілген қызметіне қанағаттануын айқындау мен алынған қызметтің сапасына қатысты өз пікірін ашық білдіру үшін енгізілген құрал. Ендігі кезекте, егер Сізге қызмет көрсетуден бас тартса, қызмет көрсету мерзімі бұзылса, артық құжат талап етілсе, осы мобильді қосымша көмегін пайдалана аласыз. Қызмет алушылар қандай да бір мәселесіне қатысты бұрынғыша хат жазып, оны жолдап, уақыт кетірмейтін болды. Бар болғаны ұялы смартфоннан ұсынылған қызметке қатысты өз пікірін білдіру болса, Департамент азаматтардың мәселелерін барынша жедел түрде шешуге көшті. Қазіргі таңда тұтынушының өр пікірі мен бағасы біздің бақылауымызда.

Тұтынушыларға бағытталған нарықта өр білдірілген пікірге қатысты орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды жойып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласы бойынша қызмет алушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жұмыстарды атқаруда.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу төртібі туралы ақпарат 55-09-42 телефон нөміріне хабарласу арқылы ала аласыздар.

**Нуркамал ШАМИШЕВА,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің  
Ақтөбе облысы бойынша  
департаментінің бас маманы.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.  
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.  
Таралымы 1655 дана. Тапсырыс №567  
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.





Ойыл селосы,  
Дәуленов көшесі №3 үйдің  
тұрғыны Мінсізбаев Мират  
Русланұлы 13 мүшел жасымен  
құттықтаймыз!



Ашып өмір есігін, нұрланды күн,  
Шашу шаштық сол үшін  
жырдан бүгін  
Өзіңе де, өзгеге шуақ сыйлап,  
Құтты болсын Мират бүгінгі  
туған күнің!  
Игі тілекпен: үлкен әжең Жанша,  
ата-әжең Мінсізбай-Лариса, папа-  
мамаң Ануар-Гүлнар, тәтең Ерұлан,  
апатайың Зарина.

## МҰҒАЛІМНІҢ МІНДЕТІ - САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті 2019 жылдың 27 желтоқсанында жарияланған «Педагог мәртебесі туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында төмендегі жағдайды хабарлайды. Құрметті өріптестер, мұғалім өзінің құзыретіне кіретін мәселелермен айналысуы керек, яғни оқушыларға сапалы білім және саналы тәрбие беруі қажет. Алайда өлеуметтік желілерде педагогтарды кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тарту, есеп талап ету жағдайлары жарияланып жатады.

Аталған жағдайлар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 08 сәуірдегі «COVID-19 коронавирустық инфекция кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына оқу процесін көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» № 135 бұйрығы талаптарын бұзу болып табылады. Педагогтарды кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тарту, есеп беруін немесе одан

педагогтық лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап ету және тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеу жағдайлары орын алмауы тиіс.

Көп жағдайда өлеуметтік желілерде жарияланымдар бұзушылықтардың мәнін ашпайды немесе басылымдарда нақты фактілік ақпарат жоқ (мектептің атауы, кейіпкерлер) және жарияланымдардың өзі лақап атпен жазылған, бұл өз кезегінде Департаментке жан-жақты талдау жүргізуге және заңнамаға сәйкес ішаралар жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Құрметті өріптестер заңнама талаптарының бұзылуы жағдайындағы жоғарыда аталған фактілер кездесіп жатса, Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 87472503850 WhatsApp номеріне хабарласуыңыз сұралады.

**А.КЕМЕШОВ,**  
Ақтөбе облысының  
білім саласында сапаны  
қамтамасыз ету департаментінің  
бөлім басшысы.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК

COVID-19 коронавирусымен күресу мақсатында енгізілген төтенше жағдай режимі кезінде аудан прокуратурасы басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп елімізде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауда.

Жалпы, тұрғындардың көпшілігі енгізілген шектеулер мен тыйымдарға түсіністікпен қарауда.

Дегенмен, кейбір тұлғалар мемлекеттік органдардың ескертулеріне назар аудармай, бірі тосқауыл бекеттерден айналып өтуге ұмтылса, енді бірі санитарлық талаптарды бұзуда.

Бұл бағытта аудан аумағындағы

уәкілетті мемлекеттік органдармен 14 тұлғаға қатысты өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, аудандық сот қарауына жолданды.

Сот қаулысына сай, 6 тұлғаға өкімшілік айыппұл салынса, 3 тұлға өкімшілік қамаққа алынып, 5 тұлғаға ескерту түріндегі өкімшілік жаза қолданылды.

Жалпы, төтенше жағдай кезінде шектеу шараларын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 476-бабына сәйкес 10 АЕК-ке дейін өкімшілік айыппұл немесе 15 тәулікке дейін қамауға алуға өкпе соғады.

Сондай-ақ, төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін әрекеттер үшін Кодекстің 478-бабымен өкімшілік жазаға тартылып, ол үшін 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып немесе 30 тәулікке дейін мерзімге өкімшілік қамауға алынады.

Сондықтан, аудан прокуратурасы тұрғындарға заңдылықты сақтауға, уәкілетті органдардың тыйым салған және шектеу қойған талаптарын орындауға шақырады.

**Ә.КЕНЖАЛЫ,**  
Ойыл аудандық  
прокуратурасының  
прокуроры.

## ТУЛЯРЕМИЯ

Туляремия – кенелердің шағып алуы кезінде жұғатын аса қауіпті табиғи-ошақты инфекциялық ауру. Жылдың көктем-жаз мезгілдерінде ауру өршиді. Инкубациялық (жасырын) кезеңі – орта есеппен 7 күн (3 аптаға дейін). Ауру қатты басталып, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, адам қалтырап, басы қатты ауырып, өлсіреп, бұлшық еттері ауырады, безі шошынып ісіп кетеді. 2-3 күні ағзаға микроб кірген жердің маңайында (мойын, құлақ тұсында, қолтық ойығында, шабында, т.б. жерлерінде) лимфа түйіндері ұлғаяды. Басла (ангина), көз ауруы, қыс кезінде ұзаққа созылатын өкпе қабынуы аурулары байқалады. Аурудың пайда болу ерекшеліктері, көбінесе бактериялар қандай жолмен ағзаға келіп түскендігіне байланысты. Туляремиямен бір рет ауырған адам оны екінші рет өмір бойы қабылдамайды, иммунитеті төзімді болады. Туляремия ауруы адамға өртүрлі жолмен жұғады. Денеде жарылған, қажалған, кесілген жер болса, оған қоздырғышы түседі.

Туляремия жұқпалы ауру. Онымен ересек те, бала да ауырады. Оның микробтары даладағы тышқан, қоян, тиін және басқа да хайуандар денесінде өсіп өнеді. Туляремияның сиыр, қой, түйе, жылқы және шұмқа т.б. жануарларға да жұғуы мүмкін. Туляремия микробтары өсіресе

шабылған шөп, пішен тасығанда шаңға араласып, ауаға көтеріледі де, ауа арқылы тыныс алу жолдарымен микробтар адамға жұғады. Мұндай жағдайда тері арқылы да, қолмен ауызды сүрткенде, көзді сипағанда да жұғады. Сонымен бірге малға жем өзірлегенде, малдың астындағы төсеніш шөпті алғанда да жұғады. Тышқан тұрғын үйлерді, азық-түлік қоймаларын, наубайханалар мен нан дүкендерін, диірменді паналайды. Өлген тышқандардың және олардың қиыны микробтары азық-түліктерге, ыдыстарға және т.с.с. түседі, олардан адамдар ауырады, кейде өлгіндей тышқанды жеген мысықтар да ауру таратады. Сонымен қатар өлген тышқандар құдық немесе көлге түсіп ауыз су арқылы туляремия індеті халыққа тарайды.

**Жүгу көзі** - жабайы кеміргіштер, үй тышқандары, құндыз, аламандар, қояндар.

**Тасымалдаушылар** - қан сорғыш буынақтылар, соның ішінде кенелер және масалар, соналар.

**Алдын алу шаралары:**

1. Тұрғын ғимараттар, елді мекендердің маңайын қаулап өскен шөптерден тазарту, аумақтардағы бейберекет қоқыстарды құрту;

2. Балық аулағанда, табиғат аясында демалғанда, аңдардың терісін дайындағанда және зарарсыздандырған кезде репелленттерді

қолдану (маса, шыбын, кене шағудан қорғайтын құралдар) және арнайы қорғаныс киімдерін қолдану;

3. Құдықтарды, бұлақтарды, азық-түлік өнімдерін кеміргіштерден қорғау;

4. Туляремия бойынша энзоотикалық аумақтардағы тұрғындардың барлығына екпе жасалады, 7 жасқа дейінгі балаларға және 55 жастан асқан тұлғаларға екпе жасалмайды.

5. Вакцинация иммунитетті 5 жылға дейін қамтиды, 5 жыл өткен соң қайта екпе жасалады. Сонымен қатар ауданның эпизоотиялық аймақтарында тұратын тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екпе жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия және КҚГҚ қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарымен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары, жем-шөптер зертханаға жіберіледі. Туляремия ауруымен ауырмау жолы - туляремияға қарсы екпе алу. Ойыл ауданында туляремияның аса қауіпті инфекциялы табиғи ошақтары бар - Ойыл, Қайыңды, Саралжын, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтерінің елді мекендері. Осы аумақтарға мамыр айында жаппай дезинфекция, дератизация жұмыстары жүргізіледі.

## Дана Абай

Абай дара, ұлтыма дана бүгін,  
Үлгі еткен асыл сөздің аралығын.  
Терең ой, терең ғылым қанағатпен,  
Ұрпағына жалғаған даналығын.  
Кемеңгер ақыл ойдың тұрағысың,  
Кейінгі ұрпағыңның жыр – өнісің.  
Бар халықтың аңсаған азаттығын,  
Анық басқан  
достықтың шырағысың.

Тілге құрмет бастау алған өзіңнен,  
Ұрпағың бар ғибрат  
алған сөзіңнен.  
Бізге мұра қырық бес қара сөзің,  
Бір әдеби ескерткіштей сезілген.  
**Әсел ҚАЙЫРБЕК,**  
**Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы,**  
**Қаратал ауылы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Көптоғай, Шұбарши ауылының тұрғындары!**

2020 жылдың 12 маусым күні сағат 10<sup>00</sup>-де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында Көптоғай ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

**Күн тәртібіндегі мәселе:**  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Өкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай, Шұбарши ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы қоғамдастық жиыны өтеді.**  
**«Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ**

## ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы,  
Қараой ауылы

**Жолмырза Әміржанов**  
(11.05.1942 ж – 9.10.1989 ж)

**Зарипа Нижанова**  
(27.05.1945 ж – 2.08.2010 ж)



Ардақты, асыл өкешім біз Сізді сағынамыз! Ортамызда жүргенде 78 жасқа толар едің!  
Аяулы, ақ жаулықты анашым! Тағдырдың жазғанына бағынамыз!  
Барғанда «Алтыным» - деп қарсы алатын,  
Анашым, Сіздей жанды қайдан таба аламыз!  
10 жылда зулап өтті өмірден өткеніңе  
Анамыздың ақ жүзін сағынышпен еске аламыз!  
Мамық болсын, Сіздер жамылған топырақ!  
**Еске алушылар қыз-күйеу баласы Дәурен-Гүлжиһан, жиендері.**

Ойыл селосы

**Халел Іңірбайұлы Балмұханов**  
(12.02.1955 ж – 09.05.2000 ж)

**Өрік Шыңғұқызы Әбішева**  
(26.06.1956 ж – 09.04.2003 ж)



Биыл ардақты өкеміздің дүниеден өткеніне 20 жыл, аяулы анамыздың дүниеден өткеніне 17 жыл болып та қалған. Сырғыған уақыттың толқынында есейіп кеткенімізді байқатпапты. Қысқа ғұмырда артына дара із қалдырған өке-шешемізді сағына еске аламыз. Өкеміз Халел мен анамыз Өріктің жүріп өткен өмір жолдары Ойыл өңірінің халқына жақсы таныс. Өкеміз бен анамыз ешбір жанға қиянат жасамаған, ешкімнің ала жібін аттамаған. Еліне елеулі, халқына қалаулы адамдар болды. Өкеміз ішкі істер саласында, анамыз өр түрлі салада бухгалтерлік қызмет атқарды. Өке – асқар тау, Ана – бұлақ. Бала – жағасындағы құрақ. Сондықтан бұл жалғанда Өкеміз бен анамыздың орнын ешкім толтыра алмайтыны хақ. Осындай аяулы жандардан айырылу балаларына оңай соққан жоқ. Бүгінде Өкеміз бен Анамыздың берген тәрбиесі, айтқан өсиеті ұрпағын тек алға жетелейді. Аяулы өке-шешеміздің пейіште нұры шалқысын, жандары жәннатта болсын дегіміз келеді.

**Еске алушылары: бауырлары, балалары, немерелері.**

Ойыл аграрлық колледжінің инженер педагог ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мекеме жүргізушісі Өзім Базаровқа баласы  
**Наурызбектің**  
мелгісіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады